



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Орталық Қазақстан Академиясы  
«Әлеуметтік-педагогикалық» факультеті  
«Дефектология және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы

Тақырыбы: Көмекші мектептегі математика оқу бағдарламасы.

Орындаған: Дф 17-02 Алдаберген Г.А  
Тексерген: п.ғ.м.аға оқытушы Аринова К.Н

## Бағдарлама бойынша ұсынылып отырған білім мазмұны келесіні кіргізеді:

- ❑ төменгі сынып оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және дамыту талаптары мен мақсатына сәйкес;
- ❑ төменгі сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай;
- ❑ қоршаған ортаның, әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің, ана тілінің өзіндік ерекшеліктерін бейнелейді және халықтық педагогиканың элементтерін пайдалануға мүмкіндік береді;

- ❑ бір сарындылықты және орынсық қайталауды болдырмай сабақтаса дамуды қамтамасыз етеді, өйткені ол оқушылардың дайын болуына орай білімді горизонталь және вертикаль бойынша толықтыра және кеңейте түсуге мүмкіндік беретін сызықты-сатылы құрылымды жүзеге асырады.
- ❑ Оқушылардың мектеп алды дайындықтарының нақты деңгейін ескере отырып оқу материалының мектептің бастауыш сатысындағы әрбір сынып бойынша тиімді бөлінуін қамтамасыз етеді.

- ❑ Арифметикалық және қарапайым геометриялық материалдардың пән ішілік үйлесімді байланыста болуын және олардың өзара әсерлесуін және бірін-бірі байыта түсуін қамтамасыз етеді.
- ❑ Мектептің бастауыш сатысындағы басқа оқу пәндерінің мазмұны мен пән аралық байланыстар ескеріледі.
- ❑ Теориялық және практикалық мәселелердің үйлесімді ара қатынасын жүзеге асыру арқылы математикалық заңдылықтар, ережелер мен қорытындылардың өмір қажеттігі мен

Осы қағидаларға негізделе отырып анықталған бастауыш мектеп математикасының базалық білім мазмұны біршама кеңейеді.

Мұнда теріс емес бүтін сандар, оларға қолданылатын арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері, маңызды шаралар, олардың өлшем бірліктері, арифметика мен қарапайым геометрияның бастама элементтері қарастырылады және оқушылар сан, арифметикалық амалдар мен математикалық қатынастар жөнінде білуге көмектесетін шамалар арасындағы тәуелділіктермен таныстырылады.

Әрбір жаңа ұғым оның мән-мағынасын аша түсуге септігін тигізетін іс-әрекеттермен, практикалық жұмыстарды орындаумен және қандай да бір есептерді қарастырумен байланысты болады.

Сондықтан бастауыш математикалық білім мазмұнына мәтінді арифметикалық есептердің жүйесі енгізілген.

Бастауыш сынып бүтін сандардың арифметикасын оқытып үйретудің толық аяқталуымен сипатталады. Бастауыш сыныптарда «10 көлеміндегі сандар», «100 көлеміндегі сандар», «Мыңдықтар», «Натурал сандар» мен «0 саны» тақырыптары біртіндеп кеңейтіле және дамытыла отырып қарастырылады.

Бағдарламада ауызша және жазбаша есептеу тәсілдерінің үйлесімді қатынасы анықталған.

Сондай-ақ микрокалькуляторды (көп таңбалы натурал сандармен арифметикалық амалдарды жазбаша орындауды саналы түрде игергеннен кейін) пайдалануға үйретіледі.

Есептеулердің негізіне алынатын арифметикалық амалдардың заңдары мен қасиеттері табиғи тілдің көмегімен тұжырымдалады және тәжірибеде тікелей қолданылады, ал оларды әріптермен жазып көрсету қарастырылмайды.

Есептеулер тәсілдеріне үйрету барысында қосу мен азайту, көбейту мен бөлу - өзара кері амалдар ретінде қарастырылады.

Сондықтан амалды орындау және оны кері амалды пайдаланып тексеру оқытылып үйретіледі, яғни мұнда арифметикалық амалдардың арасындағы байланысқа сүйеніп білім-біліктерін ірілендіру ұсынылады.

Бағдарлама маңызды шамалар және оларды өлшеуді оқытып үйретудің ондық есептеу жүйесі мен өлшеудің метрлік жүйесі арасындағы байланысқа негізделген жалпы әдістемесін ұсынады:



- ❑ нақты шама туралы оқушының түсінігінің қалыптасу деңгейін айқындау және сейкес ұғым мен терминді енгізу;
- ❑ біртекті шамаларды салыстыру (сезіну арқылы көз мөлшерімен, беттестіру арқылы, қандай болмасын шартты өлшеуіштер және т.б. көмегімен);
- ❑ шаманың негізгі өлшеу бірлігі таңдалып алынады да, өлшеу барысында қолданылатын құрал-жабдықтармен таныстыру;
- ❑ негізгі өлшем бірлік көмегімен шаманы өлшеу процесімен таныстыру;
- ❑ шаманы өлшеудің жаңа бірлігімен таныстыру және оның практикалық сұранысына қарай енгізілуінің негізделуі;
- ❑ өлшеу бірліктерін түрлендіру, олардың бірінен екіншісіне көшу, әртүрлі өлшеу бірліктерінің ара қатынасын тағайындау;
- ❑ өлшеудің бір атау бірлігімен өрнектелген шамадан осы текті шаманың басқадай атау бірлігіне көшуге жаттықтыру;
- ❑ бірдей немесе әтрүрлі атау бірліктермен өрнектелген шамаларды қосу мен азайту және шаманы санға көбейту мен бөлу.

Шаманың атау бірліктері сандар облысының кеңейтілуіне сәйкес енгізіледі.

Сандармен орындалатын және шамалармен жүргізілетін арифметикалық амалдар қатар қарастырылады.



Бағдарлама есептердің жүйесін анықтаумен қатар, оларды қарастырудың реті мен кезеңдерін, сондай-ақ топтау және сыныптарға бөліну принциптерін, есептерді шешу тәсілдерін (арифметикалық және алгебралық) енгізудің өзіндік әдістемесін анықтайды.

Арифметикалық амалдарды енгізу ретіне қарай есептерді қарастырудың келесі кезеңдері ұсынылады:

математикалық жаттығулардың ерекше түрі ретінде есепті енгізуге дайындық;


«есеп» терминін енгізу және оның құрамды бөліктерімен таныстыру;

қосу мен азайту амалдарының және қатынастардың ( $<$ ,  $>$ , айырмалық салыстыру) мән-мағынасын ашатын қосу мен азайту амалдарының белгісіз компоненттерін табуға берілген жай есептерді шығару;

көбейту мен бөлу амалдарының және қатынастардың (есе артық, есе кем, еселік салыстыру), «үлес» ұғымының мән-мағынасын ашатын көбейту мен бөлу амалдарының белгісіз компоненттерін табуға берілген жай есептерді шығару, шамалардың негізгі тобының арасындағы тәуелділікпен байланысты жай есептерді шығару; 3-4 амалмен шығарылатын есептерді қарастыру.



Көрнекілікті мынадай тізбекте пайдалануды  
ұсынады:



- ❖ нақты заттық иллюстрация, схемалық иллюстрация, оқушының түсінігі;
- ❖ белгілі түсіндірмелердің үлгілері;
  - ❖ есептің қысқаша жазылуы;
- ❖ тұжырымдалған жалпы ережеге сілтеме жасау, есептің мәтіні (тірек сөздер).



Бағдарлама балалардың математикалық білім-біліктерін қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылығын қиялдау қабілетін дамыту, оқытудың өмірмен байланысын нығайту мақсатындағы қосалқы әдістемелік тәсілдер арқылы өздігінен есептер құрастырып, шығаруды ұсынады.



Осындай шығармашылық жұмыс берілген есепке кері есеп құрастыру және шығару; шығарылуы берілген қатынас, дайын сызба және сурет бойынша есептер құрастыру; сұраққа сәйкестендірілген шартты іріктеп алу және керісінше, шартқа сәйкесетін сұрақты сұрыптау; есептің шартын және сұрағын түрлендіру, жай есепті 2 және одан да артық амалдармен шығарылатын есепке түрлендіру сияқты мәселелерді қамтиды.



Бағдарламада математиканы өту барысында қарапайым геометрияның элементтерін қарастырады.



# Ұсынылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер: 4, 5, 7, 8, 17.

Қосымша әдебиеттер: 22, 25, 28, 29, 31-33.

Мерзімдік әдебиеттер (басылымдар): 34-38.

Электрондық оқулықтар мен оқу құралдары: 39-47.

Интернет көздері: 48-53.